

10. РГБ РФ К 22/III-27 Карта земель киргизов Внутренней и Малой орды. СПб. Масштаб 1:2500000. Карта составлена Н. Ханыковым. Литография И. Селезнева. – 1845.
11. РГБ РФКо 15/VIII-6 Генеральная карта Западной Сибири с киргизской степью. Составлена при штабе отдельного сибирского корпуса. Гравирована в военно-топографическом депо. 1848. (Карта исправлена согласно оригиналным листам доставлена в военно-топографическое депо, в октябре 1861г.)
12. РГБ РФКо 7/IV-3 Административная крупномасштабная карта. Карта составлена картографом Центрального статистического комитета надворным советником А.Н. Петровским. Масштаб: 15 верст в английском дюйме. СПб- 20 листов. – 1893.
13. РГБ РФ К 102/IX -26 Карта Среднеазиатских владений Российской империи и прилегающих стран. Масштаб: 100 верст в дюйме. Составлена по новейшим сведениям Л.И. Бородовским. Картографическое заведение А. Ильина, СПб. Приложение к путеводителю по Туркестану и среднеазиатской железной дороги. – 1903.
14. РГБ РФКо 3/1Х-45 Генерал – лейтенант М.А. Терентьев. Карты и планы к истории завоевания Средней Азии. СПб. Типолитография В.В. Комарова. – 1906.
15. РГБ РФКо 1/V-21 Схематическая карта земель Семиреченского казачьего войска. Лепсинского уезда. Семиреченской области. Масштаб в английском дюйме 40 верст.
16. РГБ РФКо 5/VII-52 Карта Азиатской России с обозначением учебных заведений. П. Болотова. Масштаб: в английском дюйме 500 верст. С.П. Литография И. Кадушкина.
17. РГБ РФ Ко 105/IX-19 Схематическая карта Семиреченской области. Масштаб: 60 верст в одном дюйме. Верный. Тило-лит. А. Заряновский. – 191.
18. РГБ РФКо 15/I-1 Карта Азиатской России с обозначением железных дорог, скотопрогонных трактов, ветеринарных пунктов и карантинов, ярмарок крупного рогатого скота и маршрутов ветеринарных экспедиций в Монголию. Издание ветеринарного управления министерства внутренних дел. Хромолитография Дел В.Д. Горюнова, П.Г. Кобенский. Масштаб: в англ. дюйме 100 верст. – 1915.
19. РГБ РФКо 1/VII-22 Почтово-телеграфная карта Азиатской России, изданная главным управлением почты и телеграфов. – 1915.
20. РГБ РФ Ко 10/IV-2 Атлас Азиатской России. Издание переселенческого управления Главного управления землеустройства и земледелия.. Издано под ближайшем руководством Т.В. Глинки. Текст редактирован М.И. Творжевским. Карты исполнены фотоальографией картографическими заведениями «Товарищества«А.Ф.» Маркс С.Б., и Г.И. де-Кельш» и «Ю.Ю.Гаш», под наблюдением ревизора переселенческого Управления М.А. Цветкова. Листов 71. – СПб. – 1914.

ШАҒЫН КЕШЕНДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Оразбекова Р.С., Есимханова Н.И., Сактаганова Э.Б., Ерманова А.Б.
 Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
 Арқалық қ., Қазақстан Республикасы

Ауыл – ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жері, үлттымыздың алтын бесігі, оның әлеуметтік және мәдени дамуының басты құретамыры. Үлттық рух ауылдан бастау алады, үлттық болмыс ауылда қалыптасады десем, бұл тұжырымыма ешкім дауласа коймас. Өзге елдердің өмір сүру салтына елікте, тарихи тамырларымыздан ажырау қаупі туындал отырған қазіргі ғаламдану кезеңінің өзінде де ауылда халқымыздың табиғи болмысының қаймағы бұзылмай, үлттық сана-сезіміміз бер салт-дәстүріміз сарқылмас мол қазына есебінде сақталып келеді. Конекөз қарияларымыздың елдің бірлігі мен берекесінің ұйытқысы, рухани мұраларымыз бер мәдени асыл қазыналарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі шежіренің өзіндей болып, ата-қонысында отырғаны да ауыл қадірін арттыра түседі. Басқа халықтарды білмеймін, қазақ ушін ауыл өзінің ма-

ңызды орнын ешқашан жоймақ емес, қайта оның қадір-қасиеті арта түспек. Елбасымыздың «Егер ауыл – республика экономикасы дамуындағы маңызды фактор болса, ауыл халқы еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығының факторы болып есептеледі» деген сөзі де осыны мензесе керек. Мен ауылды сақтауды және дамытуды қазақ ұлтының тағдырымен, оның бүгіні және болашағымен үндестікте қараймын. Ауыл және ұлт тағдыры – бөліп-жарып қарауға келмейтін біртұтас ұфым.

Қазіргі таңда республикамыздың түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Себебі ауыл халқының тіршілік қамымен қалаға қоныс аударуы көбейген сайын, елді-мекендерде тұрғындардың саны азаюымен, оқушы саны да кеміп келе жатыр.

Шағын жинақты мектеп дегеніміз – тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, оқушыларының саны аз, біріктірілген сыныптардан, толық емес сыныптардан тұратын, оку үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруды өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі. Қазіргі таңда шағын жинақты мектеп:

- біріктірілген сыныптармен;
- біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныппен жұмыс жасайды.

Мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей болып қала береді. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көніл бөлу керек.

Шағын жинақты мектеп мәселесін зерттеушілер Ж.Қ.Астамбаева мен Г.И.Уәйісова өздерінің «Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы» атты еңбегінде «Шағын жинақты мектептің тарихы ерте кезден, сонау Л.Толстой, К.Д.Ушинский өмір сурген кезеңнен бастау алады. Қазақстан топырағында ондай мектептің пайда болуы ІІ.Алтынсариннің ағартушылық қызметімен тікелей байланысты XVIII ғасырдың 60 жылдарында дүниеге келді. Содан бері бұл үлгідегі мектептің мәселесі күн тәртібінен түспей келеді» деп атап көрсетеді [1].

«Соңғы 15 жылда шағын жинақты мектептің саны құрт өсті. Әр төртінші мұғалім шағын жинақты мектеп жағдайында жұмыс істейді және әр алтыншы қазақстандық оқушы шағын жинақты мектеп жағдайында оқиды»[2].

Шағын жинақты мектептің үш түрі болады, олар:

- 1) Бастауыш шағын жинақты мектеп;
- 2) Негізгі шағын жинақты мектеп;
- 3) Орта шағын жинақты мектеп.

Білім беру мекемесінің бұлай ерекшеленуінің басты критерийі – ондағы оқушы санының аздығы, ал қалған ерекшеліктер осы критерий негізінде туындаиды.

9, 11-сыныптар бітіруші сынныптар болғандықтан, олардағы бала саны аз болған жағдайда да өзге сынныптармен қосып оқытылмайды [4].

Сыныптарды біріктіру тәжірибесі еki нұсқада қарастырылады: аралас және әр жастағыларды біріктіру. Әртүрлі жастағы оқушылары бар сынныптарды ұйымдастыру педагогикалық тұрғыдан неғұрлым тиімді, өйткені ол балалардың ауыспалы жұптарда жұмыс істеуіне, жоғарғы сыннып оқушыларының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға, сөйтіп көбірек көніл бөлуді керек ететін төменгі сыннып оқушыларына сабак түсіндіру үшін уақыт бөліп алуға мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектептегі оку-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- сабакқа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындаиды, басқаша айтқанда, бір сынныппен жұмыс істегендеге сабактың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен оқытушыға бірдей, ал бірнеше сынныппен жұмыс істеуде бір сабак әрқайсысы бір сабак ретінде бірнеше кішкентай сабактардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16

сабакқа, оның әр бөлігін санағанда, 32-40 сабакшаларға, олардың логикалық байланысы әр кезеңінің мақсаты мен міндеттіне қарай уақытында тиянақты дайындалуы қажет;

- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады, себебі бір сабактың үстінде мұғалім әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;

- мұғалімдер ұжымының аздығына қарай, әрбір мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің артуына жол болмайды, яғни, шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасады, сондықтан мұғалімнің басқа оқытушылардың сабактарына қатысып, араласу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады, шындалудан гөрі жауапкершіліктері төмендеп, сабак тиімділігін төмендету қаупі туады;

- мұғалім әрбір сыныппен сабактың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады, сол үшін мұғалім сабак барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты пайдалануды ойластыруы қажет. Өз бетімен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінкті болуы керек және де көрнекі құралдар, карточка, перфокарта, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жетептіндей болуын қадағалау керек;

- біріктірілген сыныптарда мұғалім бір сыныпқа сабактың жарты уақытын ғана жұмсайтындықтан, көбінесе, әдебиет пәнінде (6-8 және 7-9 сыныптар) қынға соғады. Әйткені берілген тақырыптар аумақты, сондықтан уақыт жетінгіремейді;

- өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалім тарарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмайды;

- белгілі бір жастағы балалар болмағандықтан, ұжымдық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ;

- оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындаудына кері әсер етеді;

- оқушылар, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тындаудан кенде, кейін қалады;

- бір мезгілде бірнеше сынып жұмыс істейтін шағын жинақты мектепке арналған оқыту әдістемесі жасалмаған;

- шағын жинақты мектепте сабак өздік жұмыс арқылы ұйымдастылады, ал өздігінше жұмыс істеу әдісі бүгінгі күнге дейін кең қолданыс таппаған;

- шағын жинақты мектеп мұғаліміне арнап жазылып, баспадан шықкан әдістемелік және көрнекілік құралдар өте аз, сонымен бірге шағын жинақты мектептердің кітапханалық қоры нашар.

Шағын жинақты мектептің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар;

- дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады;

- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;

- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өз бетімен жұмысқа бейімделеді;

- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді;

- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол;

- атальыш мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады;
- окушылар әртүрлі сыйныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;
- окушылардың бірін-бірі тексеруін, өзін-өзі тексеруін және бағалауы жүзеге асырылады;
- жоғары сыйнып оқушысы төменгі сыйныптың жұмысын тексеріп бағалау арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады.

Екі немесе үш сыйныпты біріктіру қажет болған жағдайда, сабактың белгілі бір бөлігін әрбір сыйныппен жеке өткізу үшін жағдай жасау мақсатында сабактың жылжымалы кестесін қолданған дұрыс. Біріктірілген сыйныптағы сабак – оқу-тәрбие үдерісінің негізгі нысаны. Ол сабакқа қойылатын жалпы тақырыпқа бағынады, бірақ өзгешеліктері бар. Сабак құрылымы:

- мұғалім басшылығымен жұмыс;
- өздік жұмыс.

Сөздік және көрнекілік әдістерді ұштастыру уақытты тиімді пайдалануға және оқыту мен тәрбиелеуге көмектеседі.

Мұғалім тақырыпты түсіндіргеннен кейін өздік жұмысты қалай орындау керектігі туралы қысқаша нұсқау беріп, окушылардың жұмысқа әзірлігін тексеріп, келесі сыйныппен жұмыс істеуге көшеді, тақырыпты түсіндіріп болған соң сыйныпқа өздік жұмыс береді.

Оқу жұмысының түрлерін ауыстырып, өздік жұмысты орындау процесін бақылап, мұғалім сабакты жүргізіп отырады. [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Қ.Астамбаева, Г.И.Уәйісова, Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы: Алматы, 2010.
2. Қазақстан Республикасында Шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы (жобасы).
3. Шағын жинақты және тірек мектептері (ресурстық орталық) қызметінің тәртібі. ҚР БФМ заңымен бекітілген (18 қыркүйек, 2013 жыл).

Ә.Н. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІНЕ ШОЛУ

Толқынай Қуандыққызы Сақабай

Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

XX ғасырдың бірінші жартысындағы жан-жақты білімді қазақ интеллигенциясының жарқын, беделді өкілдерінің бірі -Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов. Ол қазақ халқының тұрмыс -тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жерсуын, жалпы алғанда әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген энциклопедист ғалым, зерттеуші. Әлихан Нұрмұхамедұлының еңбектерінен қазақ халқының экономикасына, тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты түрлі деректерді, сандық мәліметтерді, кестелерді және тағы басқа көптеген материалдарды кездестіруге болады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтың қоғамдық-саяси қызметімен бірге оның жазып қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттеу Отан тарихындағы өзекті мәселелердің